



16 шілде, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

КОМЕК

2 42500 теңге
тағы төленеді

ТАҒЫМ

2 Жан жылуын
аямаған

ӘЛ ФАРАБИ-1150

4 Руханият
шырақшысы

ІЗГІЛІК

4 Жақсылыққа жұмылған
жігіттер



● ҚҰРМЕТ

АНТЫНАН АЙНЫМАҒАН АҚ ХАЛАТТЫЛАР

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚР Президентінің Жарлығына орай өңірдегі коронавирус індетімен күрес кезінде қайтыс болған медицина саласының қызметкерлерін нағрадау рәсімін өткізді. Көрінбейтін жаумен күрестің алғы шебінде жүрген медицина қызметкерлері – бүгінгі күннің батырлары. Жиында облыс бойынша пандемия салдарынан қаза болған бес медицина қызметкері марапатталды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»



– Бірінші кезекте коронавирус індетімен күресте дәрігерлердің көмегімен ауқымды жұмыстар атқарылып жатқандығын ерекше айтқымыз келеді. Ақ халатты абзал жандар осынау сындарлы сәтте жанкештілік пен қайсарлықтың ерекше үлгісін көрсетіп, анта адальдығын танытуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев денсаулық сақтау саласы мамандарына қиын кезеңде ерекше қолдау білдіруде. Сонымен қатар, Президент өмірден озған медицина мамандарына қайтыс болғаннан кейін мемлекеттік награда тағайындады, – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

Өңір басшысы медицина қызметкерлерінің отбасы мен бауырларына «Парасат», «Құрмет» ордендерін табыстады.

Көпбейінді балалар ауруханасының бас мейірбикесі Гаухар Әбенова өткен айда пневмония дертінен көз жұмған болатын. Әр баланың аурудан айығуы үшін

кәсіби міндетімен қатар, мейірімді болмысымен жан жылуын төгіп, осы салаға 25 жыл өмірін арнаған мейірбике «Парасат» орденімен марапатталды. Марапат оның сіндісі Малика Әбеноваға табысталды.

Жиында Қызылорда қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы қызметін атқарған Қоныс Жұбатқанов «Құрмет» орденімен марапатталып, құрмет белгісі қызы Динара Жұбатқановаға табысталды.

Сондай-ақ, көпбейінді балалар ауруханасында қызмет еткен мейірбике Айнуір Зікірия да жақында пневмонияға шалдығып, дүниеден өткен еді. Алты жылдан бері балалардың саулығы үшін еңбек еткен маман «Құрмет» орденімен марапатталып, марапат анасына берілді.

Айнұрдың әпкесін сөзге тарт-

қанымызда сіндісінің кардиология бөлімінде қызмет еткенін, өз мамандығын қатты құрметтегенін, ізденімпаз болғанын айтып берді.

– Сіндіме берілген марапат оған деген құрмет пен еңбегінің жемісі деп ойлаймын. Медициналық колледжде білім алып, еңбек жолын осы саладан бастады. Қашан да өз жұмысын жауапкершілікпен атқаруға тырысатын. Өріптестерінің арасында сыйлы болғанын көріп қуанатынбыз. Жұырда ғана «Жұмыста жаңа санатты иелендім, енді еңбекақым да көбейеді. Келесі айда бауырларымды қуантатын болдым» деп жүзі жадырап, жақсы жаңалығымен бөліскен еді. Бірақ ол күнге жету бұйырмапты. Екі күн тыныс алуы қиындап ауырды да, жалған дүниені тастап кете барды, – деді Сәуле Бекманбетова.

Қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты Қазалы ауданаралық ауруханасының дәрігері Іскендір Жұмағазиев пен Арал ауданындағы «М.Айымбаев атын-



дағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы» РМҚ дәрігері Болатбек Айсауытовтың туыстарына «Құрмет» ордендерін аудан әкімдері табыстады. Іскендір Жиенбайұлы денсаулық сақтау саласына өмірінің 35 жылын арнаса, Болатбек Нәкібайұлы ширек ғасыр адамдардың саулығы үшін қызмет атқарған еді.

Алмағайып уақытта еңбек еткен әр медицина қызметкеріне алғыс айрықша, құрмет бөлек. Тәуекелге бел буып, адал қызмет көрсеткен денсаулық сақшыларын ел де ұмытпайды.

Облыс тұрғындарының денсаулығын сақтау жолында еңбек етіп, қызметтік борышын өтеп жүріп, өмірден өткен медицина мамандарын ұмытпаймыз.

Осы орайда көпбейінді балалар ауруханасының бас мейірбикесі, «Парасат» орденінің иегері Гаухар Әбенова туралы мақаланы келесі беттен оқи аласыздар.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖҮЙЕСІЗ ЖҰМЫС БАСТАМАЛАРҒА БӨГЕТ БОЛАДЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ БІРҚАТАР БАСШЫЛАРҒА ҚАТАҢ
ЕСКЕРТУ ЖАСАП, СӨГІС ЖАРИЯЛАДЫ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен кеңейтілген мәжіліс өтті. Күн тәртібінде аймақтағы коронавирус індетімен күресу бағытындағы атқарылған жұмыстар, өңір экономикасының көрсеткіші мен «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелері талқыланды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының баяндамасын тыңдаған облыс әкімі коронавирус індетімен күресу бағытында арнайы жоспар жасап, 3 күн мерзімде бекітуге ұсынуды тапсырды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында ел экономикасының жалпы 1,8 процентке төмендегенін атады. Облыста жартыжылдықтың қорытындысымен негізгі 6 көрсеткіштің 5-еуі бойынша төмендеу тенденциясы орын алған. Құрылыс жұмыстары – 68,2 процентке, инвестиция тарту 49,5 процентке төмендеген. Сондай-ақ, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасы жыл басымен салыстырғанда республикалық көрсеткіштен жоғарылаған.

Аймақ басшысы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасы бойынша жыл басынан бері 19 азық-түліктің 13-не баға жоғарылағанын атады.

«Картоп – 63, сәбіз бен пияз 50 процент қымбаттаған. Қыс немесе көктемгі тапшылық кезең емес, нағыз көкөністердің пісіп жатқан мерзімінде не деген сұмдық? Барлық аудандарда бағалардың артық өсуіне жол берілсе, соның ішінде Жанақорғанда – 7, Арал мен Қызылорда қаласында 6 түрлі азық-

түліктің бағасы көтерілген», – деді облыс әкімі.

Жиында бағаны тұрақтандыру бағытында жіберілген кемшіліктері үшін Жанақорған мен Арал ауданы және Қызылорда қаласы әкімдеріне қатаң ескерту жасалды. Сондай-ақ, аймақ басшысы Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне көкөніс және басқа да әлеуметтік азық-түлік бағаларын тұрақтандыруды, негізсіз баға өсуі фактілері бойынша шаралар қабылдауды тапсырды. Сонымен қатар, көршілес облыстарға шығып, халықты қолжетімді бағадағы арзан өнімдермен қамтамасыз ету үшін 3 күн уақыт берді.

Статистикалық есеп бойынша облыста 89 623 гектар күріш егілген. Оның 8 492 гектар көлемі артық. Шилі ауданындағы 3 шаруашылықтың 720 гектардан астам егілген күрішіне су жетпей, күйіп кетуде.

Өңір басшысы берілген тапсырманы мерзімінде орындамай, күріш көлемін қолдан ұлғайтып, су тапшылығына әкеп соқтырғаны үшін Шилі ауданының әкіміне «сөгіс» жариялады.

2-бет

● МЫҢ АЛҒЫС СІЗГЕ, ДӘРІГЕР!

ҮМІТ ОТЫН ЖАҚҚАН ЖАНДАР

Ақ халаттылардың қауіпті індетпен күрестегі ерен ерлігіне мен де куә болдым. Қызылорда қалалық ауруханасында он күннен астам емделіп, тәуір болып шықтым. Халықтың денсаулығын ойлап, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылған әр дәрігерді көргенде көңілің босайды. Олар үшін науқастың ауруынан айығып, отбасымен қауышқаны бірінші кезекте тұрады.

Қалалық ауруханада Бақытжан Қосанов пен Ақбота Жоланова бастаған медицина мамандары мені жедел қабылдап, тиісті ем-шара қолданды. Төңдегі дертті емдеу үшін, жаныңның тереңіне бойлап, көңіліңді аулайды. Тіпті, емдеу мекемесіне ауырып келгенінді де ұмытып қаласың. Міне, келген жанның көңіліне медет

сыйлап, үміт отын жағуды олар емнің алғашқы міндеті санайды. Мен осы нәрсені ұғындым.

Газет беттерінен дәрігердің «Сонғы науқас дертінен айыққанша, үйге қайтпаймыз» деген мағынадағы сөздерін оқып, ерекше жылулыққа, мейірімге бөленгендей қуанасын. Олардың халық саулығын жақсартуға жанын салып жатқанына қарап, сүйсінесің. Дәрігерлер қандай құрметке де лайық.

Адам өміріне араша болып, қолынан келген бар көмегін жасаған, науқаспен бірге қуаған олар – өздерін осы салаға арнаған жандар. Менің ақ халаттыларға алғысым зор.

Алтыншаш
САҒИҚЫЗЫ,
зейнеткер,
Қызылорда қаласы

● МОНИТОРИНГТІК ТОП

БАҒАНЫ БАҚЫЛАУ ЖАЛҒАСАДЫ

Дәрі-дәрмек тапшылығын болдырмау күн тәртібіндегі мәселе және ол арнайы органдар бақылауда. Бүгінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы, экономикалық тергеу департаменті мен кәсіпкерлік және туризм басқармасы, фармацевтикалық қызметті қолдау және дамыту ассоциациясы мен үкіметтік емес ұйым өкілдерінен мониторингтік топ құрылып, қала дәріханаларында тиісті жұмыстарды қолға алған. Осы және өзге де мәселелер төңірегінде өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте тарқатып айтылды.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының орынбасары

Жақсылыққызы Фалима осы аптада «Alexey Sultan Akhmet», «Сенім», «Қызылорда теміржол ауруханасы», «Достармед Line»

серіктестіктерінің емханаларына және қаланың 30 дәріханасына мониторинг жүргізгенін хабарлады.

– Қалада фармацевтикалық қызметпен 178 дәріхана, дәріханалық пункт айналысады. Олардың қызметін мониторингтік топ қадағалауда. 8 шілдеден бастап тиісті жұмыстар жүргізілуде, қаладағы батыс шағын ауданының дәріханаларын тексеріп, тұрғындарға керек препараттардың бар-жоғына және бағаға бақылау жасалды. Топ тұрғындардың сұрамына не дәрілердің қай дәріханада бар екені жөнінде ақпарат береді.

3-бет

ЖАЙЫЛМАНЫҢ ҚАРБЫЗЫ ЭКСПОРТҚА ШЫҒА БАСТАДЫ

Әдетте, облыстың оңтүстігіндегі Шилі және Жанақорған аудандарында бау-бақша ерте піседі. Жергілікті диқандар қарбыз-қауын секілді өнімдерді шетелдерге және еліміздің өзге өңірлеріне шығарып жатады. Биыл да жерден несібе терген ағайын өз өнімдерін алыс-жақындағы тұтынушыларға жеткізе бастады.

Жанақорған ауданы ауыл шаруашылығы бөлімі мамандарының айтуынша, бау-бақша дақылдарын өсірумен негізінен Жайылма ауылындағы шаруашылықтар айналысады. Дәмі тіл үйретін қауын-қарбызды өндірумен әйгілі елді мекен тұрғындары биыл 450 гектар қарбыз еккен болатын. Оның ішінде 45 гектарына көшеттеп егу әдісі қолданылды.

– Негізі, ауданда жергілікті тұрғындардың бау-бақша және өзге де ауыл шаруашылығы өнімдерін егуіне агроаймақтар

ашылған. Қазір Қандөз, Қаратөбе, Сүттіқұдық, Төменарық, Бірлік елді мекендері мен Жанақорған кенті аумағында орналасқан агроаймақта піскен өнімдер де тұтынушыларға жол тартты, – деді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Дәурен Абибуллаев.

Жергілікті диқандар жылма-жыл өз өнімдерін Ресейдің бірқатар өңірлері мен еліміздің солтүстік аймақтарына жіберетін еді. Биыл оның жайы қалай болады деген сауал мен диқандардың өтінішін

ауыл әкімдігі облыс және аудан басшылығына жеткізді. Алғашқыда түйткілді мәселенің бірінше айналған. Қазір онынан шешіліп отыр. Осы кезге дейін 8 мың тоннаға жуық өнім тұтынушыларға жол тартты.

– Негізінде жергілікті өнім Ресейдің Тюмень, Курган, Челябинск, Магнитогорск қалаларына және еліміздің солтүстік өңірлеріне жіберілетін. Осы мақсатта біз облыс басшылығы мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына хат жолдаған едік. Нәтижесінде өнімді өткізуге үлкен мүмкіндік жасалды. Ауыл диқандары жылма-жыл 13-14 мың тоннаға жуық өнім

жинайды. Биыл өнім деңгейі сол мөлшерде болады деп күтіп отырмыз. Ендеше, қазір өнімнің тең жартысына жуығын өткізіп үлгердік десек те болады. Өнім бағасы келесіне 30-35 теңгеден айналып отыр, – дейді ауылдық округ әкімі Талғат Зейдіалиев.

Оның айтуынша, биыл Жайылма қарбыздарын Қызылорда қаласында да сату мәселесіне назар аударылып отыр. Облыс орталығының бірнеше бөлігінде арнайы нүктелер орналасады. Атап айтқанда, тұтынушылардың қаладағы Бейбарыс Сұлтан және Жеміс көшелерінің қиылысында, «Универсам» аумағынан, «Мерей», «Арай» шағын аудандарынан, «Шанхай» бөлігінен қарбыз өнімдерін сатып алуына мүмкіндігі бар.

«СБ» ақпарат





ТАҒАЙЫНДАУ

ОБЛЫСТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Кадр саясаты мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия және ҚР Денсаулық сақтау министрі А. Пойдың келісімдері бойынша облыс әкімінің өкімімен Пазылов Сәбит Бексейітұлы Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.



Пазылов Сәбит Бексейітұлы 1975 жылы туған. С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина, Almaty Management University (бұрынғы Алматы халықаралық бизнес академиясы) университеттерін бітірген.

Еңбек жолын 1998 жылы А.Н.Сызганов атындағы ұлттық ғылыми хирургиялық орталығында клиникалық ординатор ретінде бастаған.

Өр жылдары аталған орталықтың жауапты қызметтерін атқарған.

2009-2015 жылдары №4 Алматы қалалық клиникалық ауруханасы бас дәрігерінің хирургия жөніндегі орынбасары, Сызганов атындағы ұлттық ғылыми хирургиялық орталықтың бас дәрігері, аталған орталықтың бас директорының стратегиялық даму жөніндегі орынбасары;

2015-2018 жылдары Қызылорда облыстық медицина орталығының директоры;

2018-2019 жылдары Алматы қалалық медициналық жел-жәрдем станциясы бас дәрігері;

2019 жылдан бастап осы кезге дейін №1 Алматы қалалық клиникалық ауруханасының «Smart Healt University» ЖШС-ның медициналық директоры қызметін атқарған.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ХАТШЫЛЫҒЫНЫҢ МЕНГЕРУШІСІ

Облыс әкімінің өкімімен Жағыпар Айтбайұлы Қазақстан халқы ассамблеясы Қызылорда облыстық хатшылығының меңгерушісі қызметіне тағайындалды.



Тажмаханов Жағыпар Айтбайұлы 1984 жылы туған. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті және 2011 жылы ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын бітірген.

Еңбек жолын 2001 жылы Қызылорда қаласында «Толғанай» ЖШС-да жұмысшы болып бастаған.

2006 - 2008 жылдары «Болашақ» колледжінде тарих пәнінің оқытушысы, № 235 орта мектеп директорының бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары қызметтерінде болған.

2008-2012 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының әлеуметтік-саяси секторының бас маманы, облыс әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы, бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарған.

2012-2013 жылдары облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысының орынбасары, 2014-2015 жылдары облыс әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің инспекторы, бас инспекторы болып жұмыс жасаған.

2015 жылдан осы кезге дейін Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

ҚАЛАМГЕРЛЕРДІҢ ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасына қарасты «Сыр медиа» серіктестігінің ұжымы коронавирусқа қарсы күреске біркүндік жалақысын аударды.

Сын сәтте «Сыр медиа» серіктестігінің қызметкерлері де сырт қалмауға тырысты. Таяу күні олар біркүндік жалақысын аударып, қатерлі дертін қармағына ілінген адамдардың өмірі үшін күресіп жүрген дәрігерлер қауымына қаржылай қолдау көрсетті. Жинақталған сома – 1 млн теңгеге жуық. Бұл қаржы облыстық медицина орталығы оттегі аппаратына қажетті құралдарды сатып алуға.

Сонымен қатар, екі апта бойы, яғни шілде айынан бастап «Сыр медиа» серіктестігі үшін қызметтік көлігін Қызылорда қаласы аумағындағы емханаларға, ауруханаларға ксило-род баллондарын жеткізуге жұмылдырып келеді.

ЖҮЙЕСІЗ ЖҰМЫС БАСТАМАЛАРҒА БӨГЕТ БОЛАДЫ



Кенейтілген Үкімет отырысында ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін іске қосылған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының жүзеге асырылуы сыңа алынды. Соңғы 6 айда облыста бағдарлама аясында құны 788,6 млн теңгені құрайтын 37 жоба мақұлданды.

Облыс әкімі жобаның басым бөлігі Жаңақорған ауданында жүзеге асып отырғанын айтты. Кейбір аудандарда әлі күнге бір жобаның жоқтығын сыңа алды.

«Арал ауданында бірде-бір жоба жоқ. Бұл мемлекеттік бағдарламаның орындалмағанын білдіреді. Мұхтар Әуесұлы, жоғарыда аталған қатаң ескертуді ескере келе, сізге сөгіс жариялаймын. Келесіде көрсеткіш төмендеген жағдайда бұдан да қатаң тәртіптік жауапкершілігіңіз қаралатын болады. Бұл барлық басқарма басшылары мен қала, аудан әкімдеріне қатысты. Сондай-ақ, «қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жеңілдетілген несиелендіру бойынша жұмыстар күшейтілсін.

Қызылорда қаласы 10 млрд теңге, ал барлық аудан әкімдіктері 2 млрд теңгеге жуық жемені игеру бойынша жұмыстарды жалғастыруы тиіс», – деді облыс әкімі.

Облыс әкімі «Жұмыспен қамту жол картасының» жүзеге асырылуы барысында да көптеген мәселе бар екенін және тұрақты жұмыс орындарын көбейтуді тапсырды.

1-бет

«Жұмыспен қамту жол картасы» аясында облысқа 276 жобаны жүзеге асыруға 37 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Бұл қыруар қаражат пандемия уақытында 9300 жаңа жұмыс орнын ашып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағыттталып отыр. Бүгінгі таңда 276 жобаның 270-і бойынша жұмыстар басталған. Жол картасы аясында жұмыс орнын құру көрсеткішкері Қызылорда қаласында 39,4 және Арал ауданына 46,1 процент.

Өңір басшысы барлық аудан және қала әкіміне осы айдың соңына дейін ашылған жаңа жұмыс орындарын 50 проценттен асыруды тапсырды.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында халықты тұрақты жұмыспен қамтудың көзі – бос жұмыс орындар. Бірінші жартыжылдықта 4058 ғана адам жұмысқа орналасқан, ал жылдық жоспар 13900 адам болса, бұл жоспардың үштен бірі де орындалмаған. Ең төмен көрсеткіштер Қазалы, Қармақшы және Сырдария аудандарында болып отыр. Сонымен қатар, жаңадан ашылған жұмыс орындарының саны жылдық жоспар бойынша 12602 болса, одан 7080 ғана орын ашылған. Ең төмен көрсеткіш Қызылорда қаласында 23 процент. Нұрлыбек Машбекулы, Қызылорда қаласы әкімшісінің алдығы қатарда болуы тиіс, жұмыс жасаның», – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

Президент Қасым-Жомарт

42500 ТЕҢГЕ ТАҒЫ ТӨЛЕНЕДІ

Елде карантин режимі 2 тамызға дейін созылды. Осыған байланысты табысынан айырылған азаматтар тағы 42500 теңгеге алады. Ең төменгі жалақы мөлшеріндегі бір реттік төлем бұл жолы тек шілде айына белгіленіп отыр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов мәлімдегендей, әлеуметтік көмек 20 шілдеден бастап тағайындалады.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

– Қаржы міндетті әлеуметтік сақтандыру қорынан төленеді. Қордағы қаражат көлемі шектеулі. Үкімет Ұлттық банкпен бірге бір апта ішінде қаражат мәселесін шешеді. Ал біз жұма күні өтініш беретін порталдарды ашып, алдағы дүйсенбіде төлем тағайындауды бастаймыз, – деді министр.

Ол үшін 42500.enbek.kz, egov.kz порталдарының жұмысы қайтадан жанданады. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жеке тұлғалар үшін телеграм-боттар қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, Каспий, Халық банкітері арнайы интернет-ресурсын іске қосып, халықтан өтініш қабылдауға ниетті.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға төтенше жағдай режимі тұсындағыдай бірыңғай жиынтық төлемін жасаудың қажеті жоқ. Өйткені сол кезде мәлімет базасы жасақталды.

Министр өтінішті жалдамалы жұмысшыларын ақысыз еңбек демалысына жіберген жұмыс берушілер, карантин

кезінде жұмысы тоқтаған жеке кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар бере алатынын жеткізді.

42500 теңгеге бұған дейінгі қағидат бойынша төмендегі санаттағы отандастарымызға төленеді:

- жеке практикамен айналысатын адамдар (нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор);
- орта, шағын және микробизнес субъектілерінің қызметкерлері;
- жеке кәсіпкерлер;
- бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер;
- карантин енгізілген елді мекендердегі ірі бизнес субъектілерінің қызметкерлері;
- азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша табыс тауып жүргендер.

Бірақтар санаттағысына 42500 теңге бірден тағайындалуы мүмкін. Ол үшін өтініш берудің керекі жоқ.

– Оларға «Өткен жолы әлеуметтік төлем алдыңыз. Жағдайыңыз сол қалыпта

екенін растайсыз ба? Сізге өтінішсіз төлем тағайындасақ, қарсы емессіз бе?» деген мазмұндағы SMS-хабарлама жібереміз. «Қарсы емесіңіз» десе, әлеуметтік төлем тағайындауға дайынбыз, – деді Б.Нұрымбетов.

Студенттер экономикалық белсенді халық санатында болмауына байланысты мемлекеттің біржолғы көмегіне ілінбеуі мүмкін. Жалдамалы жұмыс істейтіндері үшін жұмыс беруші өтініш беруі тиіс.

Екі айға жуық уақыт шамасындағы төтенше жағдай режимі кезінде 42500 теңгенің төңірегінде біршама түсініспеушілік туындағаны белгілі. Соның бірі – «Оны орынсыз алғандар жазалана ма?» деген сұрақ. Бұл жолы министрлік мұның шешімін тапқан сияқты. Жоғарыда аталған порталдардың төменгі жағында шектеу шараларына байланысты кірісінен айырылғанын растайтын ескерту болады. Өтініш бермес бұрын соны оқып, белгі қояды. Ұсыныған мәліметтері үшін азамат мойнына жауапкершілік алады.

– Өткен жолы жарты жыл бұрын жұмыс істеп кеткен жұмыс берушісінің бизнес сыйкестендіру номерін көрсетіп, өтініш берген азаматтар да болды. Оларға 42 500 теңгеге өтініш бермеуді ұсынамыз. Жұмыссыз жүргендер жұмыспен қамту орталықтарына жүтінгені дұрыс. Онда тіркелу арқылы өз жалақысының шамамен 40 проценті мөлшерінде заңды төлем алуға болады, – деді министр.

ТАҒЫМ

Қазір бәріміз де деніміздің саулығы мен елдің амандығына аландаулымыз. Өмір мен өлім арпалысқан сәтте Жаратқаннан, сонан кейін тек қана медицина мамандарынан көмек күтетіміз рас. Бүгінде оларға артылар жүк күн сайын ауырлап барады. Жұырда ғана қызметтік борышын атқарып жүрген көпбейінді балалар ауруханасының бас мейірбикесі Гаухар Әбенова пневмония дертінен көз жұмды. Қайтпас сапарға аттанған мейірбике кеше «Парасат» орденімен марапатталды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

ЖАН ЖЫЛУЫН АЯМАҒАН

Бір қарағанда мейірбикенің жұмысы оңай көрінуі де мүмкін. Дәрі-дәрмек тарату, дене қызуы мен қан қысымын өлшеу, дәрі салу қайталанатын жұмыс көрінісімен, әрбір пациентке күтім жасау – сабырды сарқып, өзінің мінезін мен болмысыңды сынайтын іс. Жыл өткен сайын емдеу тәсілдері де өзгеретіні белгілі. Сондықтан, денсаулық күзетшілеріне қойылар басты талаптың бірі – кәсіби біліктілікті жетілдіру. Гаухар Әбенова адам өмірімен байланысты осы қызметке 25 жыл өмірін арнады.

Бала күңгі арман оның адам өмірінің арашашысы болуына жол ашты. Бір сұхбатында ол «Неге екенін қайдам, маған балаларды емдеу, адамдардың бақытты жүзін көру қатты ұнайды. Мейірбикелен науқасқа керекі де – осы, жақсы сөз айтып, жан жылуын аямау» деген екен. Гаухар өзінің адамдық парызынан, басқаларға көмектесем деген осы ниетінен өмірінің соңына дейін айналады.

Ол 1994 жылы медучилищені қызыл дипломмен бітіріп, жолдамамен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына жұмысқа орналасты. Балалар бауыр аурулары бөлімшесінде күзет мейірбикесі болып еңбек етті. Содан бері оның өмірінің басым бөлігі бала өмірін қорғауға арналды. Наукас алдамға ем жасау оңай емес, оның ішінде балаларға күтім жасау әлдеқайда қиын. Қай жері ауырғанын, неге жылағанын дөп басып айта алмайтын сәбилерді тынышталдырумен талай түндері ұйқысыз өтті. Ал 2018 жылы Қызылорда жоғары медициналық колледжін колданбалы бакалавр бойынша қызыл дипломмен бітірген соң, облыстық балалар ауруханасы басшылығының шақыруымен бас мейірбике қызметіне



тағайындалды. Бірге қызмет еткен әріптестерінің айтуынша, ол сырқаттарға уақытында әрі тиімді қызмет етуге барын салатын. Осы жолда Финляндияға барып шеберлігін жетілдірген, кәсіби білігі өте жоғары маман.

Жүрегі нәзік, сезімтал жандардың өнерге жақын болатыны да рас секілді. Гаухар скрипка тартқанда тыңдаған адамды баурап алатын, қабақ шытуды білмейтін мінезімен дараланатын.

Ол ауруханаға түскенше осынау күрделі қызметті қалтқысыз атқарды. Үнемі сипілісі мен інісіне бас-көз болып, мейірбан көңілімен қамқорлық жасайтын тұнғышының бұл дерті әке мен ананың да уайымын көбейтті. Ақырында пневмония диагнозы анықталып, ауруханадағы бесінші күнінде соңғы демі үзілді. Сол күні Гаухар екі бүлдіршін қызын анасы мен бауырларына тапсырып, о дүниеге аттанды.

Жақсы адам болып ғұмыр кешу, елдің есінде тек ұмытылмайтын сәттермен сақталу – адам біткеннің арманы. Ал, Гаухар – сол арманына қол жеткізген жан.

БРИФИНГ

МОБИЛЬДІК ТОПТАР ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ

Аймақта коронавирус індетімен күрес бағытында тиісті жұмыстар атқарылуда. Бұл жөнінде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Фазылов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлім етті.

Соңғы дерек бойынша аймақта бүгінгі күнге дейін 1899 адам коронавируспен жұқтырған. Оның ішінде Қызылорда қаласының үлес салмағы басым, облыс орталығында 966 адам ауруға шалдыққан. Олан кейін Жаңақорған, Шиеді, Сырдария, Қармақшы, Арал, Жалағаш, Қазалы аудандары тұр. Сондай-ақ, Байқоңыр қаласында 542 жағдай тіркелген. Оның ішінде 236-сы – Қазақстан азаматтары.

Облыс аумағында эпидемиологиялық маусымның алғашқы кезеңінде коронавирус инфекциясымен ауырғандарды және қарым-қатынаста болғандарды бақылау мақсатында барлығы 760 төсек-орын ашылды. Оның 215-і инфекциялық, 245-і провизорлық, 300-і карантиндік болатын. Қазір аталған мақсатта барлығы 2410 төсек-орын ұйымдастырылған.

– Сыр өңірінде ауру таралған уақытта барлығы 76 өкпені жасанды желдету аппараты науқастарға қызмет көрсетті. Жұмыс барысында 12 аппарат істен шықты. Бүгінгі күні облыс бойынша ондай 64 аппарат жұмыс жасап тұр. Денсаулық сақтау министрлігіне аппарат алуға өтінім берілді, – деді басқарма басшысы.

Науқастарға амбулаторлы жағдайда медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін тиісті жұмыстар қолға алынып отыр. Ол динамикалық қадағалауды қажет ететін науқастарды үй жағдайында бақылауға мүмкіндік туғызды. Қазір облыс бойынша бұл бағытта 125 мобильдік топ ұйымдастырылған. Оның 33-і қалада, 28-і аудан орталықтарында және 64-і елді мекендерде халыққа қызмет көрсетуде. Мобильді топ құрамында 1 дәрігер, 1 орта буын қызметкері және 1 жүргізуші бар.

Одан бөлек, облыстық денсаулық сақтау басқармасының қолға алуымен 13 шілдеден бастап пневмония диагнозы қойылып, амбулаторлы емді қажет ететін науқастарға үй жағдайындағы стационар қызметі қосылды. Қазіргі таңда бұл қызмет қалалық №№1,6 және «Сенім» емханаларында, Арал, Қармақшы, Жаңақорған аудандары және «Қазалы темір-жол» ЖШС ауруханасында іске қосылған.

«СБ» ақпарат



Бағаны бақылау жалғасады

Қазір дәріханалар алдында кезек көп. Сондықтан тапшы дәрілер облысқа жеделделіп жеткізілуде. Кеше өңірге 100 млн теңгені құрайтын қажетті дәрі-дәрмек әкелінді. Атап айтқанда, дене қызуын түсіретін, вирусқа қарсы, бактерияға қарсы витаминдер және өзге препараттар. Аталған дәрілік заттар облыстың барлық фармацевтикалық желісіне бөлінді. Бұдан бөлек, көрші мемлекеттермен қарым-қатынас орнатылып, Өзбекстан елінен жақын арада 150 млн теңге шамасында дәрілік заттарға келісім жасалды, Ресейден және Катар елінен келген дәрілер осы аптадан бастап қала және аудан дәріханаларына жөнелтілетін болады, — деді Ғалима Жаксылыққызы.

Мәліметке сүйенсек, соңғы 4 күннің қорытындысы бойынша мониторинг барысында №№6, 4, 1 қалалық емханалар да нозология бойынша МӘМС жүйесінде

1-бет

амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен қамтамасыз етілген. Қазір 24 дәріхананың бірнешеуінде кейбір дәрілік заттар жоқ, дегенмен олар күн сайын жеткізіліп жатыр. Мониторингтік топ өкілдері С витамині мен парацетамолдың бірнеше дәріханаға түскенін айтады. Тағы бір айта кететін жайт, халықтың басым бөлігі вирусқа дексаметазон ем деп ойлап жүр. Ол — гормондық дәрі. Оны тек дәрігердің нұсқауымен ғана қолдану қажеттігін ескерген жөн. Алайда, дәл осы препарат қазіргі күні тапшы тауарға айналғандықтан, өңірде оның бағасын негізсіз өсірген факт анықталып отыр. Облыс бойынша экономикалық тергеу департаменті «Дексаметазон» дәрілік препаратының бір ампуласы 1500 теңгеден сатылғанын хабарлады. Сатушы медицина қызметкері екені анықталып отыр. Бүгінде лицензиясыз дәрі-дәрмек сату фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды, ҚР



Қылмыстық кодексінің 214-бабы 1-бөлігімен қозғалған қылмыстық іс департаменттің өндірісінде.

Мониторинг жүргізу барысында дәрілік заттарды заңсыз сатудың 23 дерегі анықталды. Айталық, 38 жастағы қала тұрғыны заңсыз 55 дана «Кетатоп» дәрісін сатқан. Заңсыз фармацевтикалық кәсіппен

айналысқан тұлғаға қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 424-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жауапкершілік қаралған. Ал, дәріханалардың дәрі-дәрмектерді жоғары бағамен сатудың 12 дерегі анықталып отыр. Дәрілік заттарға белгіленген шекті бағалардан асырып сатқандарға қауіпті

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 426-бабының 1-бөлігімен жауапкершілік қаралған.

Заңсыз дәрі-дәрмектерді сату деректері бойынша түпкілікті процессуалдық шешім қабылдау үшін Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментіне жолданды.

Мониторингтік топ қазіргі кезде аталған дәрі-дәрмектің тегін берілуіне жататынына немесе нақты сатылу бағасы туралы эксперттердің қатысуымен тексеру жүргізуде. Олар дәрілік заттардың шекті бағалары жылына екі рет 10 шілдеге дейін және 10 қантарға дейін бекітілетінін, қандай да бір дәрілік заттың бағасына жарты жыл ішіндегі теңге бағамы да, сату маусымдылығы әсер етпейтінін айтады. Дәрілік заттардың шекті бағасын «DagiKZ» мобильді қосымшасынан білуге болатынын да қаперден шығармау қажет.

Әлеуметтік төлемдер төленуде

Облыста әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры коронавирус жұқтырып, ауруханада жатқан азаматтардың еміне әлеуметтік төлем төлеуде. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» облыс бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов баяндады.

COVID-19 вирусyнан емдеу шараларының барлық шығындары тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі есебінен өтеледі. Бұдан басқа, денсаулық сақтау басқармасы басшысы және аймақтың ірі медициналық ұйымдарының қатысуымен арнайы кеңес ұйымдастырылды. Жиында қызмет көрсетушілердің қаржылық-экономикалық жағдайының нашарлауына байланысты мәселелер талқыланып, вируспен күресіп жатқан 14 клиникаға қосымша қаржы төленетін болды. Ал наурыз айынан бастап ІПТР тегістен айналысатын бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 21 нысанға қаржы берілді, — деді филиал директоры.

Қазіргі таңда әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры байланыс орталығының жұмысын күшейте түсті. Орталық аптаның барлық күнінде тәулік бойына жұмыс істейді. Азаматтар байланыс нөміріне хабарласып, сапасыз көрсетілген медициналық қызмет түрлеріне шағым түсіре алады. Әр шағым бойынша тиісті тексеру жүргізіледі. Кемшіліктер анықталған жағдайда оған жол берген ұйымға тиісті жаза тағайындалады.

Салғырттық салдары

Жыл басынан бері су айдындарында 16 жазатайым оқиға тіркелді. Салдарынан 17 адам қайтыс болды. Өкініштісі, оның 7-уі бала. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Руслан Қайрақбаев мәлімдеді.

Шілде айының 12-сі күні «ІПМК-29» саяжайы «Қалғандария» көлінде 1994 жылы туған азамат суға батып кетті. Ол суға түсуге арналмаған орында шомылған. Салдарынан қайғылы жағдай орын алды. Сала мамандарының іздеуі жұмыстарының нәтижесінде 18 сағат 58 минутта азаматтың денесі табылып, судан шығарылды.

Соңғы кездері табиғат аясында демалатындардың қатары көбейген. Өзен, көл жағасында тынығу кешін ұйымдастырып,

қауіпсіздік шараларын ескермегендер бақытсыз жағдайға ұшырауда. Осы ретте шомылу маусымында судағы төтенше жағдайларға жол бермеу мақсатында қатаң шаралар қолға алынды.

Департаменттің жедел-құтқару жасағының күштері мен құралдары әзірлікке келтірілді. Жедел-құтқару техникалары, жүзу құралдары, сүңгуір құрал-жабдықтары, жеке құрамның жабдықтарын, құтқару құралдарын пайдалану дайындығы тексерілді.

Дезинфекциялауға әскерилер де қатысуда

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Медет Усаин қоғамдық орындарды дезинфекциялау жұмыстары туралы айтты берді.

Облыс бойынша төтенше жағдай енгізілген мерзімнен бастап қала, аудан әкімдіктерінің ұйымдастыруымен ауданы 12 млн 234 мың шаршы метр аумақ залалсыздандырылды. Бұл жұмыстар көшелер, аялдамалар, теміржол, автовокзал парктөр, скверлер мен базар аумақтарында жүргізілді. Облыстық аумақтық қорғаныс бригадасының әскери міндеттерін арнайы жиынға шақырылып, сонымен қатар Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдерінен қызметкерлер тартылып, 140 адам жұмылдырылды. Қорғаныш қимімен, препараттармен жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етті.

«COVID-19» індетінің өршуіне орай облыс аумағында тиісті жұмыстар әлі де жалғасын табуда. Оған қала, аудан әкімдіктері тарапынан қаржы бөлінуде. Халық көп шоғырланған орындардағы залалсыздандыру жұмыстарына әскерилер тартылған. 13 шілдеден бастап облыс аумағындағы ҚР Қорғаныс министрлігі әскери бөлімінің жеке құрамынан 30 адам осы бағыттағы жұмысқа жұмылды.

Әскери қызметкерлер бекітілген кестеге сай күнделікті 10 тонна ерпінден 50 мың шаршы метрге дезинфекциялау жұмысын жүргізуде. Бүгінде демалыс паркі, теміржол, автовокзал мен ескі базар аумағы мен 13 көше залалсыздандырылды. Бұл жұмыстар шілде айының соңына дейін 133 көшеге жүргізіледі.

Қала әкімдігі тиісті қаржы бөлді. Қаржыға ауру шыққан ошақтар дезинфекцияланады.

«СБ» ақпарат

Жарналар мен аударымдардан босатылған

«ШОБ қызметкерлері МӘМС пакетінен медициналық көмек алу үшін олардың жұмыс берушілері ай сайын 1 қазанға дейін қорға жалдамалы қызметкерлер туралы ақпаратты беруі тиіс». Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов айтты.

Қор филиалының басшысы түсіндіріп өткендей, жұмыс берушілер өз қызметкерлерінің тізімін ай сайын 25 күннен кешіктірмей электронды форматта ұсынуы керек. Бұл үшін, олар Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында <https://msb.fms.kz/login> сілтеме бойынша өз ұйымнан табу ұсынылады. (осы тізімде БСН болмаған жағдайда ұйымды тіркеу мүмкін емес). Бұдан кейін электрондық цифрлық қолтаңба арқылы заңды тұлға немесе ЖК тіркелу және қордың ақпараттық жүйесіне кіру және пайдаланушылық келісімге қол қою қажет. Одан әрі МӘМС төлеуден босатылған қызметкерлердің ЖСН қосылады. Бұл — Ехсел бір файлымен де, әр жеке қызметкерге жол-жөнімен де жасалуы мүмкін. Кейіннен деректерді қайта енгізудің қажеті жоқ, тек осы деректерді өзектендіру қажет болады. Өз кезегінде, бұл ақпарат ай сайын мемлекеттік кіріс комитетіне берілетін болады.

Егер ШОБ кәсіпорындарының бірінің қызметкері емханаға келіп, қандай да бір себеппен сақтандыру бойынша медициналық көмекке үміткер бола алмайтынын байқаса, онда ол деректерді Qoldau

24/7 мобильдік қосымшасы арқылы өз бетінше жібере алады. Мәселен, қосымшаны жүктеу, электрондық мекенжайы, тегі, ЖСН, телефон нөмірі көрсетілген тіркелу және осындай форматтағы өтінішті жазу қажет: «Мен, ШОБ қызметкері, оның иесі салықтардан және әлеуметтік аударымдардан босатылған, бірақ сонымен бірге мен туралы ақпаратты медициналық сақтандыру қорына бермеген». Бұдан әрі ұйымның БСН, жұмыс берушінің ЖСН және өз ЖСН көрсету, осы жұмыс берушімен еңбек қатынастарын растайтын құжатты тіркеу қажет (тағайындау туралы бұйрық немесе еңбек келісім-шарты).

Операторлар жарты сағат ішінде осы ұйымның ШОБ босатылған субъектілер тізіміне сәйкестігін салыстырып, жағдайды анықтайды және осы қызметкерге бір айға мәртебе береді. Бұл жағдайда қордың ақпараттық жүйесі арқылы ақпаратты енгізу туралы өтінішпен жүгінуі керек. Өйткені қызметкер осы ақпаратты алғаннан кейін ғана сақтандырылған болып саналады.

ШОБ үшін жеңілдікті кезеңді ұзарту — шағын және

орта кәсіпорындарды қолдау шарасы. Бұл кәсіпорындар қызметкерлерінің еңбекақысынан салық пен аударымдарды ұстамайды. Осы ретте олар медициналық сақтандыру пакетіне толық қол жеткізе алады. Бұдан басқа, МӘМС үшін жарналар осы жылдың наурыз айында эпидемияға қарсы іс-шараларға қатысқан медицина қызметкерлеріне төленетін үстемесқылармен ұсталмайды, — деп атап өтті Б.Исмаханбетов.

ШОБ 29 санатының толық тізімімен Үкіметтің «Салық салу мәселелері бойынша экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы» қаулысынан танысуға болады. Естеріңізге сала кетейік, МӘМС жүйесі Қазақстанда 1 қантардан бастап жұмыс істеп келген болатын. 1 сәуірде жарна төлеу бойынша жеңілдік кезеңін ұзарту туралы жарияланды, оның ішінде өзінің сақтандыру мәртебесін анықтау, жарналар жасау және МӘМС қатысушысы болу қажет болды. 1 шілдеде МӘМС жүйесінде қазақстандықтар үшін жеңілдік кезеңі аяқталды. Осы уақытқа дейін барлығы шартты түрде сақтандырылған деп саналды және тиісінше МӘМС пакеті шеңберінде медициналық көмек алуға құқылы болды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі

Жемқорлық – дамудың тежегіші

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу — мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе — заңдарды лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ» деген екен ойшыл, ғалым Аристотель.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — бүгінгі күннің күрделі мәселелердің бірі. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын бұл дерт саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын

әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатығын айқын.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның басты мақсаты — азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу. Осы заңда, мемлекеттік міндетті атқаратын және оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін, мүмкіндіктерін пайдалана отырып,

пайда табуы сыбайлас жемқорлық деп анықталған.

Әрбір қоғам дамуының күнгей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да бар. Елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуі мен халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар кезінде алға басқан қалалды кейін тартып, дамуымызға тежеу болатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — азаматтық парызымыз.

Әсем ТЫНАРБАЙ,
облыс бойынша экология
департаментінің
бас маманы

Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-53-02) «Қарабұлақ кенішіндегі 42 ұңғымасын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-38-02) «Бұқаралық кенішіндегі 23 ұңғымасын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚАЗАНАМА



Қазақ елі біртуар батырынан айырылып, ауыр қазаға душар болды. Ғасыр куәгері, соғыс және еңбек ардагері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Бөрібай Құлманов дүниеден өтті.

Бөрібай Құлманов 1920 жылы 6 маусымда Сырдария ауданы Амангелді ауылында дүниеге келген.

Жастайынан жоқшылықты көрген ол жетіжылдық мектептен кейін, 1934 жылы Қызылорда ауылшаруашылық техникумын агроном мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын Сырдария ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінде бастаған. 1940 жылы Мәскеудегі әскери училищеге курсант болып қабылданып, 1941 жылғы 1 мамырда Қызыл алаңда өткен әскери шеруге қатысады. Сол жылы лейте-

нант шенінде, минометшілер ротасының командирі болып майданға аттанады. Ұлы Жеңісті Германияның Штеттин қаласында қарсы алады. Соғыс аяқталған жылы ерекше тапсырмамен Қытайдағы Синцзянь провинциясында қызмет атқарды.

Ерлік пен өрліктің хас үлгісін көрсеткен Бөрібай Құлмановтың қайсарлығы арқапан ұрпаққа өнеге болып қала бермек.

Бөрібай Құлманов майдандағы ерлік істері үшін «Қызыл Жұлдыз», «І дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальмен марапатталған.

Облыстың экономикасын, мәдениеті мен ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлестері үшін «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Отан үшін от кешіп, соғыстың ауыртпалығын қажырлықпен көтеріп, бостандықты қорғауға үлесін қосқан Б.Құлмановтың ерлігі мен қайсарлығы ел есінде мәңгі сақталады.

Қызылорда облысының
әкімдігі, облыстық
мәслихат,
«Nur Otan» партиясының
облыстық филиалы,
облыстық
Қоғамдық кеңес және
Ардагерлер кеңесі

Қазақстанда борышкерлер атқарушылық іс жүргізудің қозғалуы туралы ақпаратты SMS-хабарлама арқылы алатын болады

Енді борышкер ұялы телефон нөміріне атқарушылық іс жүргізудің қозғалуы туралы, онда қолданылатын шектеу шаралары туралы және іс бойынша басқа да мәліметтерді алатын болады, деп хабарлайды ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі.

Ағымдағы жылдың 27 маусымында Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді және қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Заң атқарушылық іс жүргізу тараптарын хабарлар ету институтын жетілдіреді.

Ұялы телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы азаматтарды электрондық хабарлар етуге көшу бойынша норма енгізілді.

SMS-хабарлауды пайдаланудың негізгі артықшылығы ұялы телефон нөміріне атқарушылық іс жүргізудің қозғалғаны туралы, онда қолданылатын шектеу шаралары туралы және іс бойынша басқа да мәліметтерді жедел және уақытылы алу болып табылады.

Сонымен қатар, бұл сервис борышкерлердің қаражатын үнемдейді. Мысалы, егер бір тапсырысты хат құны — 350 теңге болса, оны арқылы осындай хабарлама шамамен 20 теңге болады. Заңға сәйкес оның құны шығыстарға есептеледі және борышкерден өндіріліп алынады.

Бұл ретте пошта байланысы арқылы хабарлау мүмкіндігі толық жоққа шығарылмайды. Мысалы, СМС-хабарлама арқылы хабарлау мүмкін болмаған жағдайда ғана, сот орындаушысы әдеттегі хабарламасы бар пошта байланысын қолданатын болады.

Заң алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң 2020 жылғы 8 шілдеде күшіне енді.

Қызылорда облысы әділет департаментінің баспасөз қызметі

Жарамсыз деп есептелсін

Берікбол Бауыржанның атына Қызылорда облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінен 2020 жылдың 18 мамырында берілген ИЛ 01690 (сериясы КР 008392) қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нұрекеевич 2020 жылдың 4 шілдесінде қайтыс болған азаматша Есетқызы Бибайшаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Қызылорда облысының әкімдігі мен облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес пен Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы

Бөрібай Құлмановтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. ***

Қызылорда облысының әкімдігі мен облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес пен Ардагерлер кеңесі Қызылорда облысының Құрметті азаматы Қорғанбек Қайруллаевқа жазы

Қариға Қапарқызының қайтыс болуына байланысты марқұмның от-

басы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. ***

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы және Көпбейінді облыстық ауруханасының ұжымы осы аурухана директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Крымова Лаззат Досханакызына әкесі

Досхананың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. ***

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының Өңірлік кеңесінің мүшесі, кәсіпкер, бизнес-тренинг Мишукова Наталия Валентиновнаға ұлы

Назардың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Руханият шырақшысы

Биылғы жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы бойынша Ұлы Абайдың 175 жылдығы мерейтойына орай М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, Шығыс ғұламасы Әбу Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына орай жазушы Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы таңдалды. Айта кетейік, қос шығарманы да қазақ оқырмандары үлкен ықыласпен қабыл алды. Басты мақсат – рухани кемелденіп, барша халық ғұламаның өмірімен, шығармаларымен танысу, ұлы мұрасын насихаттау.

Әбу Насыр Әл Фараби (870-950) – астро-лог, социолог, математик, физик, музыка теоретигі. Отырар медресесінде, Шам, Самарқан, Бағдат шаһарларында білім алған, қыпшақ даласының ұлы энциклопедист-ғалымы. Тарихи деректерге жүгінсек, 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп ізденген ойшыл, философия, логика, этика, медицина, математика, музыка салаларына 164 трактат жазып қалдырған ұлы ғалым. Ол өз шығармаларында көбінесе Аристотельдің еңбектерінен нәр алып, шығармаларымен сусындаған. Адамның болмысына көбіне философиялық тұжырымдар жасау үшін этика, логика саласы бойынша саралап, рухани бастауларды жан дүние үндестігінен, әдеміліктен, бақыттан іздеген.

Ғұламаның «Мемлекет қайраткерлерінің канаттың сөздері», математиканың шығу себептеріне байланысты «Ғылымдардың шығуы» трактаты, астрономияға байланысты «Алгебраға түсініктеме» кітаптарын атауымызға болады. Әл Фарабидің қай шығармасын алсақ та әлемді мойындатқан шығармалар. Әл Фарабидің Шығыс, Бағдат халқын таңғалдырған бір ерекшелігі, ойын түсінікті, анық жеткізе алатын өзгеше қасиеті болған деседі. 948 жылы Мысырда жазылған шығармасы туралы Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактатында» былай деді: «Адам толығымен жетілуі үшін ол көптеген мәселелерден тәуелді болады. Себебі, ол барлық қажетті нәрселерді жалғыз өзі жасай алмайды әрі қол жеткізе алмайды. Сондықтан адам өзінен басқа да адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек және сонда ғана ол толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады» деп, өз шығармасында қайырымды қалада бақытты болу үндестігін алға тартады. Немістің шығыстанушы ғалымы А.Мюллер: «Бүкіл мұсылман шығысының аса ұлы ойшылы Әл Фараби грек философиясының ең терең қырларына дейін бойлап, байыбына жетті. Сондықтан да шығыста философияның ғылыми зерттеудің шын мәнінде, бастаушы кім дегенде, басқа ешкім де емес, тек соның есімі аталуы керек» деп жоғары баға берген. Шығармаларын байқап қарасақ, шығыс халқының мәдениеті, әдебиеті, философиялық құндылықтары туралы көп зерттеп, ізденген, өмірін білім мен ғылымға арнаған гуманист ойшыл екендігін аңғарамыз. Әл Фарабидің руханият шырақшысы деп атаудың өзінде үлкен философиялық мән бар. Әл Фараби мына өлеңінде:

Ей, достым! Жалғандыққа жуымағын,
Көтеріп ақиқаттың ақ туын алғын.
Бұл дүние бізге мәңгі болмас мекен,
Пенде һәм жерде бақи болмайды екен.
Сызықтармыз сызылған бар болғаны,
Шимактар шыр айналған шарда ол-дағы, –
деп адамзатты дүние қыуып кетпей рухани бай болуға шақырады. Әл-Фараби туралы қызықты деректер өте көп. Фараби мұрасы әлі де тың зерттеулерді талап етеді. Барша-мыз ұлы ғалым туралы жазылған «Ұстаздың оралуы» романын оқуға асығайық.

Әсия ӨМІРЗАҚОВА,
кітапханашы,
Арал ауданы, Қосжар ауылы

Өнері кәсібіне айналған

Сырдариялық тігінші Нұрсұл Ажарованың өз кәсібін бастағанына он жылдан асты. Жастайынан қолөнерді жанына серік еткен ол бүгінде тапсырыспен қыз жасауын, құрақ көрпеше, көрпе, т.б. бұйымдарды тігіп, халықтың алғысына бөленуде. Енді сәнді киімдерді тігуді де қолға алды.

Сb Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Шебер бастапқыда қабілетін кәсіпке айналдыру үшін «Ақниет» бағдарламасына қатысты. Жобасы қолдау тауып, 300 мың теңге грант жеңіп алды. Бұл бастама тігіншінің қолөнерге деген қызығушылығын арттырды. Тынымсыз кәсіпкер мұнан соң «Бастамаларды қолдау» орталығының «Шағын бизнес – үлкен мүмкіндіктер» бағдарламасы бойынша 1 млн және 2018 жылы «Өңірлерді дамыту орталығынан» 3 млн теңге несиеге қол жеткізді. Осылайша, тігін шеберханасын кеңейтіп, алған қаржысына ескі мақтаны қайта түтіп, жаңартатын және көрпе көктейтін станок әкелді. Нәтижесінде жұмысы жеңілдеп, тапсырыс уақыты қысқарды. Жарамсыз деген көрпе-көрпешені қайта қалпына келтіруге мүмкіндік алды.

– Елімізде кәсібін дөңгелентемін деген жанға барлық жағдай жасалған. Әсіресе, өңірде түрлі бастамалар қолға алынды. Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы да жарияланды. Мен сол кәсіпкерлерге арналған мүмкіндіктерді пайдаландым. Нәтижесінде жұмысым алға басты. Алғаш грант ұтып, тігін машинасын алғанымда оны тігуді де білмейтінмін. Бірақ қолөнерге деген құлшынысым оны игеріп кетуіме сеп болды. Содан бері түрлі бұйымдарды тігіп, халықтың сұранысын қанағаттандырып келемін, – дейді ол.

Кәсіпкер екі адамды жұмыспен қамтып отыр. Ондағы қыздар да тігін өнерінің қыр-сырына қаныққан. Нағыз өз ісінің шеберлері. Тігінші үнемі заман талабына сай жұмысын жетілдіруді ойлайды. Бүгінде қыз жасауынан бөлек, текемет басады аяқ киім, сәндік бұйымдар мен кәдесыйлар жасайды.

М.Мәметова атындағы гумани-



тарлық колледжінде, кейін Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінде оқыған Нұрсұл «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығын тәмамдаған. Мектепте ұстаздық ете жүріп, кәсіпкерліктің қыр-сырын үйренеді. Қолөнер көрмелеріне қатысып, республикалық «Сырдың сырлы өнері» атты көрмеде бірінші орын алса, «Өнерлінің қолы алтын» байқауында үшінші орын алды. «Үздік сапа» байқауының алғыс хат иегері. Он саусағынан өнері тамған ұстаз бұл өнерге кішкентай шәкірттерін де бау-луда. Сондай-ақ, қолөнер шебері «Нұр Рамазан» қоғамдық қорын құрып, түрлі әлеуметтік жобаларға қатысады.

Кәзіргі таңда қордың жанынан

оқу орталығын ашып, тігін тігуге ынтылы жандарды оқытып, шеберлік сыныптарын өткізуде. Нұрсұлдың сабақтарына өзге аймақтардың қыз-келіншектері де қатысып, шеберлігін шындауда. Откен жылы оқу орталығы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту 2017-2021 жылдарға арналған бағ-

дарлама аясында 16 адамды оқытқан. Оның 3-уі мемлекеттің қайтарымсыз грантын иеленген. Биыл тігіншілікпен қатар ынтылыларды мамандыққа баулулы қолға алмақ.

– Адам еңбек етсе, талпынса, бастысы ниет болса, кез келген бастамадан нәтиже шығаруға, жетістікке жетуге болады. Бүгінде ҚР Қолөнер шеберлері одағының мүшесімін. Бұл – мен үшін үлкен жетістік. Алда әлі бағындырар асулар бар, – дейді қолөнер шебері.

Өмірі ұстаздықпен өрілген кәсіпкердің алға қойған мақсаты айқын. Ендігі жерде тек сұраныс пен талпыныс болса болғаны.

Жақсылыққа жұмылған жігіттер



Ап-ауыр оттегі баллонын арқаап ауруханаларды жағалаған бір топ жігітті көргенде «әп, бәрекедді!» дейсің. Елдің басына түскен қиындықты көтеруге иығын тосқан, өз уақытын аямай, еріктілер қатарына қосылған белсенді жастар бұлар. Солардың бірі – Рахымжан Мұсатай.

Сb Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы»



– Бұл – қоғам мүшесі ретіндегі міндетім. Мұндай қиын сәтте барлығымыз жұмылып, індетпен күреспесек, кейін «патриотпын, елімді сүйемін» деп айтқанның

бәрі сенімсіз болады. Қуатты елдің ұландарының қандай екенін көрсеткім келеді, – дейді Рахымжан.

Еріктілер қатарында ол секілді ондаған, тіпті жүздеген жас бар. Олар

90 келілік оттегі баллонын арқаап, қажетті емдеу орнына жеткізіп жүр. Кейде санитарлық талап бойынша оларды таситын автобустарды аурухана алаңына кіргізбейді. Амаж жоқ, талапқа бағынбаса да болмайды.

– Бізде Whatsapp желісінде еріктілерге арналған топ құрылған. Қай ауруханаға қанша баллон керекін сол жерде жазып отырамыз. Біз тапсырысты қабылдаймыз да тартып отырамыз. Бір күнде 15-20 баллонға дейін таситымыз. Оны толтырудың өзі қиындай. Мәселен, кеше «Квант» мекемесінде түгесіліп қалыпты, басқа бір жерге сілтеді. Ол жакқа барғанда да оп-оңай қолға түспеді. Елуінші болып кезекке тұрдық, – дейді ерікті жас.

Олар бүгінге дейін облыс орталығындағы барлық ауруханаларға баллон жеткізді. Қиындығы сол – уақыт тығыз, баллон қолынды күйдірер ыстық. Техник-электрик мамандығын алған жанақорғандық Рахымжан облыстық жастар ресурстық орталығында жұмыс істейді. Қазір барлық сақтық шараларын ұстана отырып, еріктілердің алғы шебінде жүр. «Квант» ЖШС мекемесінен орталық автобусымен ауруханаларға оттегі баллондарын жеткізуге жұмылған жастардың ісіне сүйсінесін. Облыстық жұкпалы аурулар, темір жол, физиопульмонологиялық аурухана және Қорқыт ата атындағы ҚМУ жатақханасындағы провизорлық стационар арасында шап-қылап жүрген жігіттер еңбектері қайтып, жуық арада науқастардың барлығы жазылып шығатынына сенеді. Біз де сенеміз.

«ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ Зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 1 000 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз ✓ өте тез!
- ✓ алты жылға дейін
- ✓ жоғары несиелік

ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

кәріз 1 000 000 ТГ дейін

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

ҚР Ұлттық Банктен №KZ01vg0000035 лицензиясы берілген

ӘЛЕМ JAŃALYQTARY

Мәдени мұралар зақымдалды

Жапонияның оңтүстік-батысында нөсер жауыннан болған көшкін мен су тасқыны салдарынан 54-тен астам мәдени мұра нысаны зақымдалды. Атап өткенде, Фукуока префектурасындағы Минке көмір шахтасы мен Нагасакидегі христиандықтың құпия тірлігі жүргізілген құрылыстар бүлінген.

Бұл нысандар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бүкіләлемдік мұрасының білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша тізіміне (ЮНЕСКО) енгізілген. Бұдан басқа, өзен суының тасуы салдарынан Кумамото префектурасында шамамен 1,2 мың жыл бұрын салынған, Жапонияның ұлттық мәдени мұра нысаны боп танылған Аой Асо синтоистік шіркеуі де зардап шекті.

Қазіргі кезде сарапшылар келтірілген шығын көлемін есептеп жатыр. Соңғы мәліметтер бойынша, өткен аптаның соңында оңтүстік батыстағы Кюсю аралында болған нөсер жауын салдарынан кем дегенде 77 адам қаза тауып, тағы 10 адам із-түзсіз жоғалды. Табиғаттың дүлей күші Кумамото префектурасында 64 адамның өмірін қиып кетті. Қазіргі кезде табиғи апат аймағында іздеу-құтқару жұмыстары жалғасуда. Оған 20 мыңнан астам сарбаз жұмылдырылған.

Диснейленд қайта жабылды

Коронавирустың қайта өршуіне байланысты Гонконг қаласында бір айға жуық уақыт бұрын ашылған Диснейленд қайта жабылды. Саябақ жұмысы коронавирустың Азия елдерінде кең таралуына байланысты қаңтар айының соңында тоқтаған еді.

Гонконгта коронавирус инфекциясына шалдығу оқиғалары азайған соң саябақты 18 маусымда ашу жөнінде шешім қабылданған. «Үкімет және денсаулық сақтау органдарының талаптары, сондай-ақ Гонконгта өткізіліп отырған алдын алу шараларына сәйкес, Диснейленд саябағы уақытша жабылады» делінген Disney мәлімдемесінде.

Еске сала кетсек, Гонконг қаласындағы Диснейленд – Диснейдің мамыр айында ашылған екінші саябағы. Келушілерге есігін алғашқы болып ашқан Диснейленд Шанхай қаласында орналасқан.

Ашық аспан астындағы кино

Каталония жағалауында тұратын халық жағажайда жыл сайын көрсетілетін кинокөрсетілімнің басталуы асыға күтіп отыр. Жазғы жылы түндер кезеңіне сәйкес келетін бұл мәдени шара карантиннен шаршаған жұрттың көңіліне медеу болмақ.

Жыл сайынғы кинобағдарлама биыл 30 шілде мен 23 тамыз аралығында өтеді. Көрсермен көзайым болуы үшін Барселона, Бадалона, Эль-Прат, Матаро, Паламос және Тосса-де-Мар қалалары жағажайларын кинозалға айналдырып, Cinema Lliure a la Platja тоғызыншы киномарафонын өткізеді. Бастамашыл Mago Production компаниясы өткізгелі отырған бұл марафон тәуелсіз кинематографты қолдауға бағытталған. Барлық сеанстар гигиеналық талаптарды қатаң орындау арқылы өткізіледі. Киноны тамашалау тегін, тек арнайы сайтта ашық аспан астындағы кинозалдан орынды брондау керек.

Қаншаға көбейеміз?

Зерттеушілер 2100 жылға қарай планетамызда қанша адам өмір сүретінін болжады. Ғалымдардың пікірінше, 2064 жылы әлем халқының саны айтарлықтай көбейіп, 9,7 млрд адамға жетуі мүмкін.

Алайда 2100 жылға қарай Жер тұрғындарының саны 8,8 миллиардқа дейін азаяды. Бұл көрсеткіш БҰҰ сарапшыларының болжамынан екі миллиардқа аз болып отыр. Мамандардың пікірінше, аталған уақытқа дейін бала туу коэффициенті төмендейді, ол әйелдердің білім деңгейінің жоғарылауына да байланысты болуы мүмкін. Зерттеушілердің болжамы бойынша 80 жылдан кейін Үндістан, Нигерия, Қытай, АҚШ және Пәкістанда тұрғындар саны өте көп тіркеледі. Сонымен қатар ғалымдар 2100 жылға қарай 20-дан астам ел халқының жартысынан көбі азаяды деп отыр. Атап айтқанда, бұл тізімге Жапония, Таиланд, Испания және Италия кіреді. Ал Қытай халқының саны 48% азаюы мүмкін.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.